

**«Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамы**

**(«Bank RBK» АҚ)**



**БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕ  
ҮШІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ  
ПРОСПЕКТІСІ**

**Атаулы купонды қамтамасыз етілмеген облигациялар**

**Саны: 8 000 000 000 (сегіз миллиард) дана**

**Сомасы: 8 000 000 000 (сегіз миллиард) теңге**

*«Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу шығарылым проспектісінде жазылған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымы проспектісінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі ғана қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын және эмитентке және оның облигацияларына қатысты инвесторларды шатастырмайтындығын растайды».*

**Алматы қ., 2013 жыл**

Осы облигациялар шығарылымы «Bank RBK» Банкі» Акционерлік қоғамының (бұдан былай – Банк) бірінші облигациялық бағдарламасының проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

**Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

- Банктің Бірінші облигациялық бағдарлама проспекті мемлекеттік тіркелген күн – 15 наурыз 2013 жыл;
- Шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарлама көлемі – 20 000 000 000,00 (жиырма миллиард) теңге;
- Шығарылымның реттік нөмірі – үшінші.

**Бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі алдыңғы облигация шығарылымдары туралы мәліметтер:**

<b>Бірінші шығарылым – қамтамасыз етілмеген атаулы купонды облигациялар</b>	
<i>Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн</i>	15 наурыз 2013 жыл
<i>Облигациялар саны</i>	7 000 000 000 (жеті миллиард) дана
<i>Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі</i>	7 000 000 000,00 (жеті миллиард) теңге
<i>Орналастырылған облигациялар саны</i>	6 970 000 000 дана
<i>Облигация ұстаушысына берілетін құқықтар:</i>	<p>Облигация ұстаушысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияға меншік құқығы туындайтын құқықтар беріледі, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу;</li> <li>• Облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақы алу;</li> <li>• Облигацияларын еркін сату, басқаша шеттету;</li> <li>• Облигациялар шығарылымының проспектімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алу;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте талаптарын қанағаттандыру;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.</li> </ul> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.</p>
<i>Шектеулерді (ковенант) бұзғанда жүзеге асырылатын құқықтар</i>	<p>«Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)» бөлімінің 1), 2) тармақтарымен қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда облигация ұстаушысы бұзу туралы хабар жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша талап жіберуге құқылы.</p> <p>«Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)» бөлімінің 3), 4) тармақтарымен қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда Банк ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде бұзуға алып келген себептерді жою үшін барлық мүмкін шараларды атқарады. Банк ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн</p>

	<p>ішінде аталған шектеулерді бұзу себептерін жою шараларын атқармаса және/немесе Банк атқарған шаралар шектеулерді (ковенанттарды) бұзуды жоймаса, облигация ұстаушылары ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн өткеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша талаптар беруге құқылы.</p> <p>Банк облигация ұстаушысының тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талабын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушысының банктік шотына ақша аудару арқылы сатып алған күні жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға орналастырылған облигацияларды сатып алады.</p>
--	--

<b>Екінші шығарылым – атаулы купонды субординацияланған қамтамасыз етілмеген облигациялар</b>	
<b>Шығарылым уәкілетті органда тіркелген күн</b>	15 наурыз 2013 жыл
<b>Облигациялар саны</b>	5 000 000 000 (бес миллиард) дана
<b>Номиналды құны бойынша шығарылым көлемі</b>	5 000 000 000,00 (бес миллиард) теңге
<b>Орналастырылған облигациялар саны</b>	4 962 230 000 дана
<b>Облигация ұстаушысына берілетін құқықтар:</b>	<p>Облигация ұстаушысына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облигацияға меншік құқығы туындайтын құқықтар беріледі, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу;</li> <li>• Облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған мерзімде сыйақы алу;</li> <li>• Облигацияларын еркін сату, басқаша шеттету;</li> <li>• Облигациялар шығарылымының проспектімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алу;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте талаптарын қанағаттандыру;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.</li> </ul> <p>Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы қарастырылмаған.</p>
<b>Шектеулерді (ковенант) бұзғанда жүзеге асырылатын құқықтар</b>	<p>«Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)» бөлімінің 1), 2) тармақтарымен қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда облигация ұстаушысы бұзу туралы хабар жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша талап жіберуге құқылы.</p> <p>Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)» бөлімінің 3), 4) тармақтарымен қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда Банк ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде бұзуға алып келген себептерді</p>

	<p>жою үшін барлық мүмкін шараларды атқарады.</p> <p>Банк облигация ұстаушысының тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талабын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушысының банктік шотына ақша аудару арқылы сатып алған күні жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға орналастырылған облигацияларды сатып алады.</p>
--	--

**Облигациялар шығарылымының құрылымы:**

<b>Облигациялар түрі</b>	Атаулы купонды қамтамасыз етілмеген облигациялар
<b>Шығарылатын облигациялар саны</b>	8 000 000 000 (сегіз миллиард) дана
<b>Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі</b>	8 000 000 000,00 (сегіз миллиард) теңге
<b>Бір облигацияның номиналды құны</b>	1,00 (бір) теңге
<b>Облигациялар бойынша сыйақы</b>	8,0% (сегіз пайыз) жылдық
<b>Сыйақы есептеле бастайтын күн</b>	Сыйақы облигациялар айнала бастаған күннен бастап есептеледі.
<b>Сыйақы төленетін кезең және күн</b>	Купонды сыйақы облигациялар айнала бастаған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін әр 6 (алты) ай сайын жылына екі рет төленеді.
<b>Сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Облигациялар бойынша сыйақы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) төлем төленетін кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы төленеді;</li> <li>• Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, купонды сыйақы Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда теңгемен төленеді. Инвестордан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда инвестор атаған банктік шотқа Банк белгілеген бағам бойынша теңгедегі сома басқа валютаға айырбасталады. Теңгедегі соманы басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі;</li> <li>• Төлем төленетін кезеңнің соңғы күні (бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердегі уақыт бойынша) басталғандағы жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімдер жүйесінде тіркелген тұлғалар облигациялар бойынша сыйақы алуға құқылы;</li> <li>• Төлем күні купонды сыйақы облигациялардың номиналды құнын купонды сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесіне көбейту арқылы есептеледі.</li> </ul>
<b>Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі</b>	Сыйақы (купон) есептеу үшін 360/30 (бір жылда 360 күн бар/бір айда 30 күн бар) уақыттық базасы қолданылады.
<b>Индекстелген облигациялар шығарғанда есептеу тәртібі</b>	Осы шығарылым облигациялары индекстелмеген.

<b>Облигациялар айнала бастайтын күн</b>	Облигациялар айналымы «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми тізіміне облигациялар енгізілген күннен басталады.
<b>Облигациялардың айналу мерзімі</b>	Облигациялар айнала бастаған күннен бастап 3 (үш) жыл.
<b>Облигацияларды өтеу күні</b>	Облигациялар айнала бастаған күннен бастап 3 (үш) жылдан кейін өтеледі.
<b>Облигациялар өтелетін жер</b>	«Bank RBK» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Ә.Шәріпов к-сі, 84.
<b>Облигацияларды өтеу әдісі және шарттары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Облигациялар айнала бастаған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өтеледі;</li> <li>• Облигациялар оларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шоттарына ақша аудару арқылы соңғы купонды төлеумен бір уақытта номиналды құны бойынша өтеледі;</li> <li>• Төлем төленетін кезеңнің соңғы күні (бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердегі уақыт бойынша) басталғандағы жағдай бойынша алуға құқылы тұлғаларға облигациялар бойынша кіріс және өтегендегі облигациялардың номиналды құны төленеді;</li> <li>• Инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, купонды сыйақы және өтегендегі облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) төленеді. Инвестордан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда инвестор атаған банктік шотқа Банк белгілеген бағам бойынша теңгедегі сома басқа валютаға айырбасталады. Теңгедегі соманы басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі;</li> </ul>
<b>Облигациялар бойынша қамтамасыз ету</b>	Осы шығарылым облигациялары қамтамасыз етілмеген.
<b>Облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер</b>	«Zurich Invest Management» Акционерлік қоғамы. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық д-лы, 162 А/2, тел.: 8 (727) 390-13-95. 01.10.2013 ж. облигация ұстаушыларының өкілі қызметтерін ұсыну туралы шарт.
<b>Тіркеуші туралы мәліметтер</b>	«Единый регистратор ценных бумаг» Акционерлік қоғамы. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 141, тел.: 8 (727) 272-47-60. 28.11.2012 ж. бағалы қағаз ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу шарты №00427-АО.
<b>Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер</b>	Осы шығарылым облигацияларын Банк дербес орналастырады.
<b>Төлем агенті туралы мәліметтер</b>	Төлем агенті қарастырылмаған. Банк дербес түрде купонды сыйақы мен номиналды құнды төлейді.
<b>Облигацияның ұстаушысына берілетін құқықтар</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• осы Проспектпен қарастырылған мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу;</li> <li>• осы Проспектпен қарастырылған мерзімде сыйақы алу;</li> <li>• облигацияларын еркін сату және басқаша шеттету;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алу;</li> </ul>

	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте талаптарын қанағаттандыру;</li> <li>• Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған облигацияларға меншік құқығынан туындайтын басқа құқықтар.</li> </ul>
<p><b><i>Басталғанда облигациялар бойынша дефолт жарияланатын оқиғалар</i></b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Банк облигациялары бойынша дефолт осы Проспектпен белгіленген Банк облигациялар бойынша купонды сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын төлеу аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткеннен кейін облигациялар бойынша купонды сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын өз кінәсінен төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда басталады;</li> <li>• Банк осы Проспектпен белгіленген облигациялар бойынша купонды сыйақыны және/немесе облигациялардың номиналды құнын өз кінәсінен төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда әр кешіктірілген күн үшін облигация ұстаушыларына ақшалай міндеттемесін немесе тиісті бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін өсімақы төлеуге міндеттенеді;</li> <li>• Банк міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды атқарады, әйтсе де облигациялары бойынша дефолт басталса, дефолттың туындауына әкелген себептерді жою, облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады. Банк дефолттан шығудың қолайлы жолын анықтау үшін облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу туралы бастама көтеріп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті көлемдер мен орындау мерзімдерін көрсетіп, облигация ұстаушыларының алдында міндеттемелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді;</li> <li>• Банктің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешекті өтеуге бағытталған облигациялар бойынша дефолт жағдайында Банк атқарған іс-шаралар қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, техникалық, қаржы-экономикалық, құқықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шараларды қамтиды;</li> <li>• Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда облигация ұстаушыларының талаптары осы Проспектпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте және талаптарда қанағаттандырылады;</li> <li>• Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт басталған жағдайда Банк міндеттемелері Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тәртіпте және талаптарда қайта құрылымданады;</li> <li>• Дефолт туындаған жағдайда Банк ақшалай міндеттемесін орындамаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей «Қазақстан қор биржасы» АҚ <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> сайты арқылы облигациялар бойынша дефолттың туындау себептерін, орындалмаған міндеттемелердің көлемін сипаттап, талаптарды қанағаттандыру жөніндегі облигация ұстаушыларының ықтимал әрекеттер тізімі мен Банкке талап қою тәртібін көрсетілген хабарландыру орналастыру арқылы облигация ұстаушыларына осы факт туралы ақпарат береді.</li> </ul>

<b>Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы</b>	Банктің осы облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы қарастырылмаған.
<b>Облигация ұстаушыларына Банктің қызметі мен қаржы жағдайы туралы ақпарат беру тәртібі</b>	Банктің қызметі, қаржы жағдайы, ағымдағы қызметі, облигация ұстаушыларының мүддесіне қатысты оқиғалар туралы ақпарат, сондай-ақ қаржы есептілігі Банктің корпоративтік интернет-ресурсінде <a href="http://www.bankrbk.kz">www.bankrbk.kz</a> орналастырылады, және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми интернет-ресурстарында <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> және қаржы есептілігі депозитарийінің интернет-ресурстарында <a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a> Қазақстан Республикасының заңнамасымен, мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздар листингі туралы шартпен, осы Проспектпен белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылады.
<b>Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер</b>	Осы шығарылым облигацияларын орналастырудан алынған қаражат экономиканың шынайы секторына, соның ішінде ірі кәсіпорындарға, шағын және орта бизнес субъектілеріне, жеке тұлғаларға кредит беру саласында Банк пен филиалдарының қызметін белсендету үшін жұмсау жоспарланып отыр. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспарлы бөлудің өзгеру жағдайлары қарастырылмаған.
<b>Облигацияларды өтегенге дейін сыйақы төленетін әр кезеңге бөліп, сыйақыны төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті Банктің ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы</b>	Банктің ақша қаражаты көздері мен ағынының болжамы осы Проспекттің №1 қосымшасында берілген.
<b>Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)</b>	Осы шығарылым проспектімен белгіленген облигациялар айналымы мерзімі ішінде Банк келесі шарттарды сақтауға міндетті: 1) Банктің құрылтай құжаттарына Банктің негізгі қызмет түрлерін өзгертуді қарастыратын өзгерістер енгізбеу; 2) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу; 3) Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті тапсыру мерзімінің бұзылуына жол бермеу; 4) аудиторлық компания Банкке осындай есептерді тапсыру мерзімін бұзған жағдайларды есепке алмағанда Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған листинг шартымен белгіленген Банктің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді тапсыру мерзімінің бұзылуына жол бермеу. Шектеу бұзылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Банк шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда облигация ұстаушыларына шектеулерді бұзу себептерін сипаттап, Банкке талап қою тәртібін қоса алғанда талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының ықтимал әрекеттер тізімін көрсетіп, жазбаша хабарламаны корпоративтік интернет-ресурста <a href="http://www.bankrbk.kz">www.bankrbk.kz</a> орналастыру арқылы және интернет-ресурста <a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a> орналастыру үшін «Қазақстан қор биржасы» АҚ беру арқылы шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы ақпаратты

жеткізеді.

Банк облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін ковенанттардың бұзылуына жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды атқарады.

Осы бөлімнің 1), 2) тармақтарымен қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда облигация ұстаушысы бұзу туралы хабар жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өзіне тиесілі облигацияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша талап жіберуге құқылы.

Осы бөлімнің 3), 4) тармақтарымен қарастырылған шектеулер (ковенанттар) бұзылғанда Банк ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде бұзуға алып келген себептерді жою үшін барлық мүмкін шараларды атқарады. Банк ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде аталған шектеулерді бұзу себептерін жою шараларын атқармаса және/немесе Банк атқарған шаралар шектеулерді (ковенанттарды) бұзуды жоймаса, облигация ұстаушылары ақпараттық хабар жарияланған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн өткеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде орналастырылған облигацияларды сатып алу туралы Банкке жазбаша талаптар беруге құқылы.

Банк облигация ұстаушысының тиесілі облигацияларды сатып алу туралы жазбаша талабын алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде облигация ұстаушысының банктік шотына ақша аудару арқылы сатып алған күні жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға орналастырылған облигацияларды сатып алады.

Барлық қажетті деректемелер көрсетіліп, ерікті түрде құрастырылған, облигацияларды сатып алуға облигация ұстаушысы берген жазбаша өтініштің негізінде ғана сатып алу процедурасы жүзеге асырылады:

- заңды тұлға үшін: облигация ұстаушысының атауы, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік нөмірі, берілген күні, берген орган, орналасқан жері, телефондары, банктік деректемелері, болса, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, сатып алынуға тиісті облигациялардың саны мен түрі;

- жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының аты-жөні, болса, әкесінің аты, жеке куәлігінің нөмірі, берілген күні, берген орган, тұрғылықты жері, телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі, сатып алынуға тиісті облигациялардың саны мен түрі.

Банк осы Проспект талаптарына сәйкес облигация ұстаушылардан берілген сатып алу туралы өтініштер кезек тәртібіне қарай облигацияларды сатып алады.

Облигация ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, жинақталған сыйақы мен сатып алғандағы облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда теңгемен төленеді. Облигация ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда инвестор атаған банктік шотқа Банк белгілеген бағам бойынша теңгедегі сома басқа валютаға айырбасталады. Теңгедегі соманы басқа валютаға айырбастау облигация ұстаушының есебінен жүргізіледі.



<p><b>Орналас­тырылған облигацияларды сатып алу тәртібі</b></p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• қажет болғанда және Директорлар кеңесінің шешімі негізінде Банк бүкіл айналым мерзімі ішінде орналастырылған облигацияларды сатып алуға құқылы. Сатып алынған облигациялар өтелген деп саналмайды және Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бүкіл айналым мерзімі бойы бағалы қағаздар нарығында өзі-сатып алған облигацияларын кері сатуға құқылы. Мәміленің бағасы мен мерзімі мәміле жасаған кезде қалыптасқан нарық шарттарына қарай анықталады.</li> <li>• «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы заңының 18-4 бабына сәйкес Банк келесі жағдайларда орналастырылған облигацияларды сатып алуға міндетті:             <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Банктің уәкілетті органы облигациялар делистингі туралы шешім қабылдаса;</li> <li>2) Тізімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен анықталатын ақпаратты қор биржасына ұсыну бөлігіндегі арнайы (листингтік) талаптарды орындамауына байланысты Банк облигацияларының делистингі туралы «Қазақстан қор биржасы» АҚ шешім қабылдағанда;</li> <li>3) Облигация ұстаушыларының бұрынғы өкілімен шарт бұзылған немесе шарттың күші тоқтаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен асатын мерзімде облигация ұстаушыларының өкілімен Банк шарт жасамаса.</li> </ol> </li> </ul> <p>Банк қайсы көлемнің үлкен болуына байланысты сатып алу күнгі жинақталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес бағаға немесе облигациялардың әділетті нарық бағасы бойынша орналастырылған облигацияларды сатып алады.</p>
<p><b>Опциондар туралы ақпарат</b></p>	<p>Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.</p>
<p><b>Айырбасталатын облигациялар</b></p>	<p>Шығарылатын облигациялар Банк акцияларына айырбасталмайды.</p>
<p><b>Облигацияларды орналастыру мерзімі және тәртібі</b></p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын есепке ала отырып, облигациялар сауда-саттық ұйымдастырушының ережелеріне сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында бүкіл айналу мерзімі бойынша орналастырылады.</p>
<p><b>Облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі</b></p>	<p>Облигацияларды төлеу тәртібі мен шарттары, есептеу әдістері сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.</p>

Басқарма төрайымы  
Бас бухгалтер



*M. Kaubayeva*  
*A. A. Dautbekova*

Жакубаева М.К.  
Даулетбекова А.А.

**«Bank RBK» АҚ Бірінші облигациялық бағдарлама шегіндегі  
Үшінші облигациялар шығарылымы проспектінің  
№1 қосымшасы**

**Облигацияларды өтеу мерзіміне дейінгі әр сыйақы төлеу кезеңіне бөліп, сыйақы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражаты көздері мен ағындарының болжамы**

<i>Млн. теңге</i>	<b>2014</b>	<b>2015</b>	<b>2016</b>	<b>2017</b>
<b>Операциялық қызметтен ақша ағындары</b>				
Таза операциялық активтердегі өзгерістерге дейін операциялық қызметтен ақша қаражатының қозғалысы	13 039	14 320	18 340	21 666
Операциялық активтердегі таза ақша қозғалысы	-85 142	-89 946	-80 410	-74 341
Операциялық міндеттемелердегі таза ақша қозғалысы	64 987	65 815	52 572	54 173
<i>Табыс салығын төлегенге дейінгі таза ақша ағындары</i>	-7 116	-9 811	-9 498	1 498
Төленген табыс салығы	-836	-1 431	-1 945	-2 396
<b>Операциялық қызметтен таза ақша ағындары</b>	<b>-7 952</b>	<b>-11 242</b>	<b>-11 443</b>	<b>-899</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қозғалысы</b>				
Үшінші тұлғалардың капиталына инвестициялар	0	0	0	0
НҚ және МЕА инвестициялар	-835	-876	-759	-684
<b>Инвестициялық қызметтен ақша қаражатының таза ағыны/(қайтуы)</b>	<b>-835</b>	<b>-876</b>	<b>-759</b>	<b>-684</b>
<b>Қаржы қызметінен ақша қозғалысы</b>				
Борыштық бағалы қағаздар шығарылымынан түсімдер	8 034	9 000	17 000	13 034
Борыштық бағалы қағаздарды өтеу	0	0	-7 000	-8 034
Акциялар шығару	7 500	7 500	6 000	0
<b>Қаржы қызметінен таза ақша ағындары</b>	<b>15 534</b>	<b>16 500</b>	<b>16 000</b>	<b>5 000</b>
Ақша қаражаты мен баламасындағы таза өзгеріс	6 747	4 382	3 797	3 418
Кезең басындағы ақша мен баламасы	7 858	14 605	18 987	22 784
Кезең соңындағы ақша мен баламасы	14 605	18 987	22 784	26 202